

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ

2 СЫНЫП



Орындаған: Арапова Қарлығаш

ДЕНГЕЙЛІК ТАПСЫРМАЛАР

○ ӨСІМДІК БӨЛІКТЕРІ ҚАНДАЙ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАДЫ?



Бенджамин Блум 1913

жылы ақпанда дүниеге келген американдық білім беру психологы..

Бенджамин Блум таксономиясы формальды білім беру саласында үлкен әсер етті. Басқа классификациялардан айырмашылығы, оның иерархиялығында. Бұл дегеніміз, шкаланың ең жоғарғы бөлігінде орналасқан білімді игеру үшін алдымен алдыңғы қадамдардағы білімді меңгеру керек.



БЛУМ ТАКСОНОМИЯСЫ ЖАЙЛЫ МАҒЛУМАТ

Блум таксономиясы сын тұрғысынан ойлауды қарастыруға болатын ойлау дағдыларының кеңінен қолданылатын иерархиялық моделі болып табылады. Блум таксономиясының мақсаты – оқытудың неғұрлым тұтас нысанын құру.



БІЛІМ БЕРУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН 6 ҚАДАМ



Мақсаттар жүйесі	Оқушылардың іс-әрекеті
Білу	Оқушы меңгеретін және оған берілетін білім негіздері.
Түсіну	Оқушы білімді қабылдайды, түсінеді, түсіндіреді.
Қолдану	Алған білімді нақты іс -әрекетте қолданады.
Талдау	Білімді жай қабылдамайды, талдайды, саралайды, салыстырады.
Жинақтау	Алған білімнен жаңа өнім жасап шығарады.
Бағалау	Өз пікірін білдіреді, сынайды, жоққа шығарады не мақұлдайды.



МАҚСАТЫ:

- Өсімдік бөліктері не үшін қажет екенін білеміз




I ДЕНГЕЙ –БІЛУ ДЕНГЕЙІ

Мақсаты: мәліметтерді қайталау немесе тану арқылы есте қалай сақталғанын тексеруге бағытталады. Мағлұмат пен деректерді еске түсіреді;

Тапсырма: Тамыр мен сабақ қандай қызмет атқарады?

А.есімді білім алушының болжамды жауабы: Тамыр өсімдікті топыраққа бекітеді



С.есімді білім алушының болжамды жауабы: Сабақ өсімдікті қстап тұрады.



Әдістемелік нұсқаулық: білім алушының өздігінен орындауына ұсынылады.



ДЕСКРИПТОР:

- Тамыр мен сабақтың қызметтерін біледі.



II ДЕҢГЕЙ – ТҮСІНУ ДЕҢГЕЙІ

Мақсаты: мәліметтерді басқа таныс жүйеге ауыстыру, оларды түрлендіріп, есте қалған мағлұматты басқаларға жеткізу жолдарын айқындайды.

Тапсырма: Тамырына қарап өсімдіктің қандай жерде өсетінін анықтауға бола ма?



А.есімді білім алушының болжамды жауабы: иә, ол топырақтың қаттылығына, жұмсақтығына байланысты



С.есімді білім алушының болжамды жауабы: шөл өсімдіктерінің тамырлары ұзын болады.



Әдістемелік нұсқаулық: білім алушыларға жұптасып талқылауға беріледі

ДЕСКРИПТОР:

- Тамырына қарап өсімдіктің қандай жерде өсетінін анықтай алады.



III ДЕНГЕЙ – ҚОЛДАНУ ДЕНГЕЙІ

Мақсаты: стакандағы су деңгейінің өзгерісін бақылау

Тапсырма: Тамыр мен сабақты суға салып, суды қалай сіңіретінің тәжірибе жүзінде жасап көр.

А.есімді білім
алушының
болжамды жауабы:
Сабақ өсімдікті
ұстап тұрады.

С.есімді білім
алушының
болжамды жауабы:
ол су мен қоректік
заттарды басқа
бөліктерге өткізеді.

Әдістемелік нұсқаулық: білім алушыларға топтасып жасауға
ұсынылады.



ДЕСКРИПТОР:

- ТАМЫР МЕН САБАҚТЫ СУҒА САЛЫП, СУДЫ ҚАЛАЙ СІҢІРЕТІНІҢ ТӘЖІРИБЕ ЖҮЗІНДЕ ЖАСАЙ АЛАДЫ.



IV ДЕНГЕЙ – ТАЛДАУ ДЕНГЕЙІ

Мақсаты: Алма ағашы мен қарлыған жапырақтарының пішіндерін салыстырады және қорытынды жасайды.

Тапсырма: Алма ағашы мен қарлыған жапырақтарының пішіндеріне назар аудар. Оларды сипатта, қорытынды жаса



А.есімді білім алушының болжамды жауабы: жапырақтардың пішіні мен көлемі әртүрлі болады.



С.есімді білім алушының болжамды жауабы: Алма ағашының және қарлығанның жапырақтары ұқсас.



Әдістемелік нұсқаулық: топта талқылайды, салыстырулар жүргізеді.

ДЕСКРИПТОР:

- Алма ағашы мен қарлыған жапырақтарының пішіндерін сипаттайды, қорытынды жасайды



V ДЕНГЕЙ - ЖИНАҚТАУ ДЕНГЕЙІ

- **Мақсаты:** Алған білімдерін жинақтап, өсімдіктің бөліктерін құрастыру.

Тапсырма: Мозайка әдісі бойынша берілген сөздерден сөйлем құрастырындар



1- топ	2-топ	3-топ
Тамыр. Тамыр сабаққа бекіп, суды сіңіреді.	Сабақ. Сабақ қоректік заттарды өткізеді.	Гүл. Өсімдіктің көбею мүшелері

Әдістемелік нұсқаулық: әр топ өздеріне берілген өсімдіктің бөліктерін құрастырады



ДЕСКРИПТОР:

- Алған білімдерін жинақтап, өсімдіктің бөліктерін құрастыра алады.



VI ДЕНГЕЙ - БАҒАЛАУ ДЕНГЕЙІ

Мақсаты: адам мен өсімдіктің ортақ қасиеттерін салыстырады

Тапсырма: Тақтаға адам мен өсімдіктің суретін іліп, ортақ қасиеттері бойынша салыстырыңдар.

А.есімді білім
алушының
болжамды
жауабы: жарық,
ауа



С.есімді білім
алушының
болжамды
жауабы: қоректік
заттар



Әдістемелік нұсқаулық: білім алушыларға жұптасып талқылуға беріледі

ДЕСКРИПТОР:

- Адам мен өсімдіктің ортақ қасиеттерін салыстырады.



НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА РАХМЕТ!!!

